

**Әл-Фараби атындағы
кітапхана**

**Өшпес мұра қалдырған ұлы ақын
– Мағжан Жұмабаевқа
125 жыл**

**Кітапхана қорының
топтамасы**

Мағжан Жұмабаев Бекенұлы - Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабай ауданы, Сасықкөл жағасында дүниеге келген. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы. Мағжанның атасы – Жұмабай қажы. Әкесі Бекен саудамен айналысқан дәулетті адам болған. Анасы – Гүлсім. Мағжан ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905 – 1910 жылдары Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. 1910 – 1913 жылдары Уфа қаласындағы “Ғалия” медресесінде білім алды. Онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алып, белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатады, болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысады. Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында “Шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. “Садақ” журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. 1913 – 1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. “Бірлік” ұйымы жұмысына белсене араласып, “Балапан” қолжазба журналын шығаруға қатысады. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола облысы қазақ комитеті құрамына сайланды.

Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. “Алаш” партиясының Ақмола облысының комитетінің мүшесі болды. “Үш жүз” партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918 – 1919 жылдары Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919 – 1923 жылдары Ақмола губерниялық “Бостандық туы” газетінде, “Шолпан”, “Сана” журналдарында, “Ақжол” газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Ақын 1927 – 1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 жылы Жұмабайұлы “Алқа” атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып жұмыс істейді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 жылы наурызда мағжан Бекенұлы Алматы қаласына келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.



Ташкенттегі қазақ зиялылары. Екінші қатарда – Мағжан Жұмабаев, үшінші қатарда бесінші тұрған М.Әуезов. 1923 ж.



Бірінші қатардағылар: (солдан оңға қарай Фаина Сергеевна, Мағжан Жұмабаев, Сегізбай Айзұнов, Кәрім Жәлелов, Мәдина Қасымова және Гүләйім Байбөрина.


**Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.**



Мағжан Жұмабаев



Мағжан Жұмабаев (оңнан солға қарай екінші қатарда екінші отырған) қазақ мектебіне мұғалімдер дайындау курсының тыңдаушылары ортасында. Омбы қаласы. 1919 ж.



Жұмабаев, М. Мағжан. Шығармалары [Текст] : (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер) / Қаз. ССР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдеб. және өнер ин-ты. - Алматы : Жазушы, 1989. - 446,[1] б.

Қалың жұрт көп жыл көз жазып қалған әйгілі ақынның бұл шығармалар жинағына әр жылда жазылған өлеңдерімен қатар «Қорқыт», «Батыр Баян», «Жүсіп хан» секілді поэмалары және «Шолпанның күнәсі» әңгімесі, сондай-ақ аудармалары, мақалалары топтастырылды.



Жұмабаев, М. Мағжан. Педагогика [Текст] : монография / М. Жұмабаев. - Алматы : Ана тілі, 1992. - 154,[2] б.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты әрі оқулық, әрі методикалық сипатты кітабы ақынның көзі тірісінде екі мәрте жарық көрген. Бірі – 1922 жылы Орынборда, бірі – 1923 жылы Ташкент қаласында. Еңбектің оқушыға ұзақ жылдардан соң ұсынылып отырған үшінші басылымы соңғы нұсқасы бойынша алынған.

Кітап негізгі он бес бөлімнен тұрады. Онда дене тәрбиесі мен рухани тәрбиенің мәселелері жан-жақты және терең қамтылған.



Жұмабаев, М. Таңдамалы [Текст] : өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар / ҚР ҒА, М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты. - Алматы : Ғылым, 1992. - 270,[2] б.


Бұл кітапқа Мағжан Жұмабаевтың таңдамалы шығармалары енгізіліп отыр. Осылардың ішінен оның 1922 жылы жеке кітап болып басылып шыққан «Педагогика» атты зерттеуін атап өтуге болады. Жинаққа, сондай-ақ, ақынның әр жылдарда жасаған көркем аудармалары да енгізілген.



Жұмабаев, М. Педагогика [Текст] : баланы тәрбие қылу жолдары / Кітаптың түсініктемесі мен соңғы сөзін жазған У. Әбділдәұлы. - Алматы : Рауан, 1993. - 112 б.

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаев



Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда Ер Түрігім туып-өскен,
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тасаша күндер кешкен.

Мағжан Жұмабаев

Мұстафа мен Мағжан - Тұран елінің
даналары [Текст] : монография /
[құраст. Х. Абдуллин]. - Алматы : [Б.
ж.], 1993. - 111,[1] б.



Қанарбаева, Б. Бақытқамал. Мағжан шығармашылығының фольклорлық қырлары [Текст] : монография / Б. Қанарбаева. - Алматы : [б. ж.], 1995. - 154,[1] б.

Бұл зерттеу – қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев шығармаларының фольклормен байланысын зерттеген алғашқы еңбек. М. Жұмабаев халық қайнарынан нәр ала отырып, шығыс, еуропа, орыс әдебиетіндегі жетістіктерді пайдаланып, тың да соны ұлттың поэзия тудырды. Осы мәселелерге ғылыми тұрғыдан талдау жасалған. Мағжанның қазақ әдебиетін Абайдан кейін жаңа тұрпатты әдебиет үлгісімен байытудағы жетістіктеріне баға берілген. Ауыз әдебиетін пайдаланудағы шығармашылық қырлары ашылған.

Мағжан
Жұмабаев

шығармалар



Жетсе егер қорқынышты қара түнім,
Басса дерт, әлім құрып шықпай үнім,
Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер
Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім.

Мағжан Жұмабаев

Жұмабаев, М. Шығармалар [Мәтін] : 3 томдық /
М. Жұмабаев. - Алматы : Білім, 1995. - 5000
таралым экз. - ISBN 5-7404-0155-0. 1-т. - . - 254 б.



Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған...

Жұмабаев Шығармалар [Текст] : 3
томдық / Жұмабаев. - Алматы : Білім,
1996 - . 2-3-т. - . - 511, [1] б.

8011.3412 (092) Әлкебаева
354

Д.А.Әлкебаева

МАҒЖАН
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ
ТІЛІ



Алматы, 1997

Әлкебаева, Д. А. Мағжан поэзиясының тілі [Текст] : (оқу құралы) / Д. А. Әлкебаева. - Алматы : Қаз. ун-ті, 1997. - 100 б.


Мағжан поэзиясы қазақ әдебиетіне ғана емес түркі тектес халықтар әдебиетіне де үлкен ықпал еткен. Бұл еңбекте автор Мағжан поэзиясының тілдік ерекшеліктеріне лингвистикалық тұрғадан талдау жасайды.



Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?


Мағжан

Батыр Баян [Текст] : өлеңдер,
поэмалар / М. Мағжан. Жұмабаев. -
Астана : Елорда, 1998. - 329,[3] б.



Қанарбаева, Б. Бақытқамал. Жырымен жұртын оятқан [Текст] : Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы хақында / Қанарбаева, Бақытқамал. - Алматы : Ана тілі, 1998. - 230,[2] б.

Мағжан – қазақ поэзиясында абайдан кейінгі жаңашыл ақын деген тұжырымның дәлел уәждері қандай? Бірегей білімдарларымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтқанда «өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет туғызған, сөзге жан бітірген, романтик, мәдениетшіл, отаршылдыққа қарсы ұлт ақыны» болған Мағжан шығармашылығындағы ақындық қуаттың құпиялары неде? Журналист, зерттеуші ғалым Б.Қанарбаева осындай сауалдар өресінде ой толғаған.




Кәкішұлы, Т. Тұрсынбек. Мағжан мен Сәкен [Текст] : ғылыми эссе / Кәкішұлы, Тұрсынбек. - Алматы : [б. и.], 1999. - 447,[2] б.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, бүкіл азаматтық тарихымызда шешуін таппай келе жатқан, дау-дамайы мол мәселелердің бірі – Мағжан мен Сәкеннің қарым-қатынасы. Олардың көзі тірі кезінде де, ақталғаннан кейін де дабырасы басылмай келе жатқан әлеуметтік және пенделік жайларды шешуге Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы кірісіп, тарихи деректерге сүйеніп, архив мағұлматтарымен бекітетін, көркемдік тараулармен оқушының көзін шындыққа жеткізетін машығынан бұл жолы да айнымаған..



Майтанов, Б. Қ. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы [Текст] : оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазМУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2001. - 51,[1] б.


Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Майтановтың бұл оқу құралында Мағжан Жұмабаев шығармашылығындағы көркемдік әдіс пен поэтика мәселелері қарастырылады. Романтизм, реализм, символизм эстетикасы мен жанр заңдылықтары сабақтас зерттеледі. Өлең құрылымы мен сөз бейнелігі, сарын мен сюжет табиғаты сараланады.



Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: қой жырыңды, жырауым,
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

М.Жұмабаев

Ұлттық поэзия падишасы [Текст] :
(Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арн.) /
ҚР білім ж/е ғылым м-гі, Орталық
ғылыми кітапхана; [Құраст. Ф. Қ.
Бектурбекова]. - Алматы : Орталық
ғылыми кітапхана, 2001. - 313,[2] б.



Жұмабаев, М. Мағжан. Сүй, жан сәулем [Текст] : өлеңдер мен поэмалар / М. Мағжан. Жұмабаев. - Алматы : Атамұра, 2002. - 253,[3] б.

Жалғыз қазақ емес, күллі Тұран жерінен шыққан түркі текті халықтардың мақтанышына айналған, көзі тірісінде-ақ мәңгілік сөнбес Шолпан жұлдызындай жарқырап шыққан Мағжан ақын жырлары уақыт өткен сайын соны қырынан танылып, жаңа да жас оқырманын тауып отырары сөзсіз.



Жумабаев, М. Пророк [Текст] : пер. с каз. / Жумабаев, Магжан. - М. : Рус. кн., 2003. - 163,[12] с.

Настоящее издание впервые знакомит русского читателя с творческим наследием великого казахского поэта XX века Магжана Жумабаева, имя которого много лет было под запретом. В книгу включены стихи, поэмы в переводах известных поэтов Казахстана и России.



Джуанышбеков, Н. Магжан Жумабаев [Текст] : (очерк жизни и творчества) / Н. Джуанышбеков. - Алматы : Искандер, 2004. - 48 с.

Данная работа из серии «В помощь учителю и учащемуся» включает в себя творческий портрет писателя, его произведения и составлена по программе «Казахская литература для 10-11 классов».



Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б.

Ақын шығармалары көп томдығының бірінші кітабына өлеңдері мен дастандары, әңгімесі енген. Олар Мағжанның көзі тірісінде жарық көрген жинақтары мен кейінгі жылдары шыққан басылымдары негізінде салыстырылып, мәтіндік «өңдеу-жөндеуге» ұшырағандары, қысқарып кеткен тұстары қалпына келтірілді.

МАҒЖАН
ЖҰМАБАЕВ



2


Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б.

Ақын шығармалары жинағының екінші томына өлеңдері мен дастандары және бірқатар поэзиялық аударма туындылары енді.



Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар.— Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б.

Қазақтың арыс ұлдарының бірі Мағжан Жұмабаевтың шығармалар жинағының бұл томына оның аудармалары, «Педагогика» атты ғылыми еңбегі, мақалалары енгізілді.



Қаһарманұлы, Ғаділша. Жәжеке [Мәтін] : естеліктер мен деректер / Ғаділша Қаһарманұлы; [ред. Ұ. Оспанбай]. - Алматы : Қазығұрт, 2005. - 269, [3] б. - 1000 (таралым) экз.

Осы жинақ М.Жұмабаевтың жазушылық, азаматтық, қайраткерлік келбетін, жан дүниесін, ақын өмірінің тағы біраз қырларын оқырман қауымға танытары хақ.




Алдыңғы қатарда (солдан оңға қарай): Гүлханыс, Сайдалы. Отырғандар: Күлбарам (Мағжанның келіні), Даһана (Сайдалының тәтесі) және Зылиха Жұмабаева. Қызылжар, 1927 ж.



Жұмабаев, М. Мағжан. Жан сөзі [Текст] : өлеңдер мен дастандар / М. Жұмабаев. - Алматы : Раритет, 2005. - 255,[1] б.


Қазақ лирикасында «Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп (школ) ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ... Орыстың бейнешілдігін қазаққа аударды, өлеңді күйге айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді...»

М. Жұмабаевтың ақындығы жөнінде бұдан сексен екі жылдай уақыт бұрын Ж. Аймауытов айтқан осы пікір-байлам қазір де өз ақиқатын жоғалтпағанына мына кітапты оқыған адамның көзі анық жетеді.




Жумабаев, М. Стихи, проза и литературные исследования [Текст] / сост. Ж. Сулейменов. - Петропавловск : Акимат Сев.-Каз. обл., 2006. - 320,[7] с.

Магжан Жумабаев – выдающийся казахский поэт. Его творчество прошло испытание временем. И через семь десятилетий после того, как поэт был репрессирован, стихи, поэмы, прозаические произведения Магжана звучат свежо, актуально. Эта книга – попытка осмыслить, систематизировать творческий путь поэта-гражданина. Сюда включены лучшие образцы его поэзии и прозы, аналитические статьи исследователей-магжановедов.



Қанарбаева, Бақытқамал. Мағжан символист [Текст] : [зерттеу] / Бақытқамал Қанарбаева ; ҚР Білім және ғылым м-гі, Қайнар ун-ті. - Алматы : Экономика, 2007. - 287, [1] б.


Бұл монографияда Шәңгерей мен Мақыш, Шәкәрім поэзияларындағы символизмнің Мағжан поэзиясында шарықтау шыңға көтерілгені жүйелі дәлелденеді. Мағжанның қазақ әдебиетіндегі дараланып көрінген әдеби әдісі ашылып, оған ықпал еткен арналар анықталады. Сондай-ақ талас тудырып келген Сәкен поэзиясымен ара салмағы сараланады. Сөйтіп ХХ ғ. басындағы әдебиеттің бүгінге дейін белгісіз болып келген қалтарыстарын айқындап, оған жаңаша баға береді.



Где б ты ни был, К Турану лицом повернись,
Вспомни реки – Дарья, к ним скорее верьнись.
Берега этих рек не спеша обойди.
Над могилами предков с молитвой склонись!

Магжан (отрывок из «Туркестан»)

Жумабаев, М. Стихи и поэмы [Текст] : пер. с
каз. Б. Жылкыбаева / М. Магжан. Жумабаев. -
Алматы : Принт-СВ, 2008. - 54,[12] с.



Кең далада, көресің ғой ана жақтан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені тапқан.

Мағжан. «Айға»

Елеуенов, Ш. Шерияздан. Мағжан
[Текст] : өмірі мен шығармагерлігі /
Елеуенов, Шерияздан. - Астана :
Астана полиграфия, 2008. - 389,[3] б.



Другие народы, душой устремясь к небесам,
Ключи подбирают к наукам, иным чудесам.
И, вспыхнув во мраке Звездой, Луной или Солнцем,
Они с высоты дарят свет торжествующий нам.

Магжан

Жумабаев, М. Магжан. Пророк [Текст] : стихи, поэмы, рассказ: пер. с каз. / коммент. Б. Канапьянова. - Астана : Аударма, 2010. - 366,[2] с.



Жұмабаев, М. Мағжан. Адассам елім деп адастым [Текст] = Я солнцем огненным рожден : өлеңдер / М. Мағжан. Жұмабаев. - Алматы : RS, 2011. - 142,[4] б.



М.Жұмабаевтың туған жеріне қойылған ескерткіш



М.Жұмабаевтың Сарытомардағы мұражайы

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы жеке кітап болып ұсынылып отыр. Кітапқа ақынның әр жылдары жазылған өлеңдері енді.




Жұмабаев, М. Шығармалары [Текст] / Жұмабаев. - Алматы : Жазушы, 2013 - . 1-т. : Өлеңдер, дастандар / М. Мағжан . - 376 б.

Ақын шығармаларының бұл басылымы екі томнан тұрады. Бірінші томға өлеңдері мен дастандары енгізілді. Өлеңдер, бұрынғы басылымдарындағыдан өзгеше түрде, алғаш жарық көрген немесе жазылған мерзіміне қарай реттелді. Кейбір тақырыбы жақын жырлар бір жерге топтастырылып берілді.



М.Жұмабаев шығармаларының екінші томына ақынның «Шолпанның күнәсі» атты әңгімесі, «Педагогика» деп аталатын ғылыми еңбегі және мақалалары мен аудармалары, сондай-ақ бұрын жарық көрмеген өлеңдері енді.

Жұмабаев, М. Шығармалары [Текст] / Жұмабаев. - Алматы : Жазушы, 2013 - . 2-т. : Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / М. Мағжан. . - 375, [1] б.

 ЖАСӨСПІРІМДЕР
КІТАПХАНАСЫ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ



*Өлеңдер
Батыр Баян
Қорқыт
Өтірік ертеке*

Жұмабаев, Мағжан. Өлеңдер. Батыр Баян. Қорқыт. Өтірік ертеке [Текст] : [шығармалар жинағы] / Мағжан Жұмабаев. - Алматы : Өлке баспасы, 2013. - 383, [1] б.

Мұқабасы тозса да, мазмұны тозбас бұл кітапқа қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, сыршыл ақын Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері еніп отыр.

Иіні ерен, иірімі терең өткелек өмірдің өзек өртер кермек жас мұңы да, терең ой сыры да ақын өлеңдерінің өзегі мен өрнегіне айналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«МАҒЖАН ЖӘНЕ РУХАНИ ЭКОЛОГИЯ»


атты қалалық ғылыми- әдістемелік
конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 7 желтоқсан, 2013 жыл

"Мағжан және рухани экология" [Текст] : ғылыми-әдістемелік конф. (Алматы, 7 желтоқсан, 2013 ж.) / ҚР білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ ; [жауапты ред. Д. А. Әлкебаева]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 54, [1] б.

Конференция материалдары жинағына «Мағжан және рухани экология» атты қалалық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары, сондай-ақ магистранттардың, студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми мақалалары енгізілді.



Жангуттин, Бауыржан. Магжан Жумабаев. "Мой қазақ, ненастья час настал". Страницы биографии [Текст] : [моногр.] / Бауыржан Жангуттин; под общ. ред. М. Қ. Қойгелдиева ; М-во образования и науки РК; Каз. нац. пед. ун-т им. Абая; Ассоц. историков Казахстана. - Алматы : Дәстүр, 2016. - 219 с.

Монография посвящена исследованию биографии Магжана Жумабаева, чье имя остается нравственным ориентиром для многих поколений казахского общества.

Работа написана на основании изучения широкого круга документов, выявленных в российских и казахстанских архивах.